


Келісілді: 

Мектеп директорының ТІЖО

М.С. Амиртаева.

«03» травень 2023ж

Бекітемін:

Мектеп директоры М.К. Кулсарина



«Поэзия әлемі» үйірмесі

(5-9 сыныптар)

Орындаған: Н.Е.Өрікбаева.

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Білім беру жүйесінің талаптары бойынша қазақ әдебиетін оқыта отырып оқушылардың рухани дүниесін байытып, оларға азаматтық, адамгершілік, елжандылық, көркемдік-эстетикалық тәрбие беру және олардың ой-өрісін кеңейтіп, ауызша сөйлеу мен жазба тіл мәдениетін қалыптастыру көзделеді. Көркем шығарманы оқып-талдау арқылы оқушылар халқымыздың ұлттық құндылықтарын сөз өнері тұрғысынан қабылдауға қажетті білім, білік дағдыларымен қаруланады. Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда көркем шығармаға қызығушылық азайып, оқушылардың оқу белсенділігі төмендеп келеді. Ең алдымен мұғалімдер оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, әр түрлі оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланып, адамның рухани құндылығын арттыратын поэзиялық шығармаларды өз бетімен оқуға ізденуге тәрбиелеуі тиіс. Осындай өзекті мәселелердің шешу жолының бірі ретінде осы бағдарлама ұсынылды. Аталған бағдарламада белгілі ақындардың поэзиясын тереңірек оқытуға және оларды мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру көзделіп отыр. Бағдарлама жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныбына арналған. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының «Білім» бағдарламасының, Мемлекеттік білім стандартының талаптарын ескере отырып жасалды. Бағдарлама 272 сағатқа жасалған. Апталық жүктеме – 3 сағат. Көркем поэзияны оқыта отырып, заманға сай белсенділік көрсете алатын, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру көзделеді. Үйірменің басты мақсаты: жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушыларды қазақ ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру; Оқушыға поэзияны оқыту, сол оқыған шығармасындағы тілдік-көркемдік ерекшеліктерді таба білуге үйрету; Әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану арқылы көркем шығарманың тілін түсінуге, сөз мағынасымен жұмыс жасауға дағдыландыру; Оқушылардың өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істей білуге үйрету; Лирикалық шығарманы жан-жақты талдай білуге дағдыланды

Үйірменің мақсаты:

Оқушылардың сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем-дағдыларын қалыптастыру. Оқыған шығармасындағы тілдік-көркемдік ерекшеліктерді таба білуге үйрету. Оқушылардың поэзиялық шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтызарлығын ояту. Лирикалық шығарманы жан-жақты талдай білуге дағдыландыру. Оқушыларды бейнелі ойлау мен шығармашылық қиялдауды, оқырмандық мәдениет пен авторлық ұстанымды түсінуге баулу. Өзіндік ой-пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру. Ұлтымыздың көркем поэзиясын оқыту арқылы оның басты идеялық бағытын, тақырыптық, мазмұндық мақсатын саралай білетін және өз халқының тарихын, дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалай алатын, ұлттық әдеби мұраны терең игеріп, сол негізде еліне қызмет ете алатын, танымы жоғары, білімі орнықты, шығармашылықпен ойлай алатын, өркениетті қоғамға сай парасатты тұлға тәрбиелеу

Үйірменің міндеттері:

Бағдарламада беріліп отырған акындардың өміріне шолу жасау арқылы оқушылардың акындар әлеміне енуі;

Оқушылардың поэзия әлеміне қызығуы;

Өлеңдерге талдау жүргізу арқылы жазушының тіл шеберлігіне көз жеткізуі;

Әдеби көркем туындыларды ұлттық құндылық ретінде бағалай білуі;

Кез-келген көркем туындыны келістіре оқу, көркем шығармадағы сөз сырын, мағынасын ұғынуы;

Лирикалық шығарманың идеясын тануы;

Әдеби туындыдағы көркем сөз қолданыстарын есте сақтап, сөздік қорына қосып, сөйлеу барысында қолдана білуі.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих, математика, музыка, география

Ұйымдастыру формалары: топтық жұмыс, жеке жұмыс, зерттеу, бақылау жұмыстары, ізденіс жұмысы.

Күтілетін нәтиже:

Көркем шығармаларды мәнеріне келтіріп оқуға ынтасы артады;

Берілген мәтіннен тілдік-көркемдік ерекшеліктерді байқау, анықтау қабілеті артады;

Кез-келген көркем поэзияға жан-жақты талдау жасай алады.

Лирикалық шығарманың идеясын анықтай алады.

Өлеңдерге талдау жүргізу арқылы жазушының тіл шеберлігін тани алады.

Оқушылар өлең тыңдауға, шығарманың мағынасын түсінуге, лирикалық кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерін сипаттай алады.

Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп оқуға үйренеді.

Оқушылардың есте сақтау қабілеттері шыңдалады.

Өзіндік ой-пікірін әдеби тілмен өрнектей біледі.

Поэзияны оқуға деген қызығушылықтары ары

Мазмұндық бөлім

Кіріспе. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы 1 сағат

Махамбет поэзиясы (10 сағат)

Даланың дауылпаз ақыны Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылық жолы. «Өттің дүние», «Махамбеттің жебесі», «Исатай – Махамбет», «Махамбет Өтемісұлы» «Ереуіл атқа ер салмай» «Аргымақтан туған қазанат» т.б. өлеңдері. Махамбеттің туған жер туралы өлеңдері. Ақынның батырлық, ерлік туралы отты жырлары. Махамбеттің Исатайға арналған өлеңдер

Абай поэзиясы (17 сағат)

Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы – Абай Құнанбайұлы. Ақын Абайдың табиғат лирикасы . «Жаз» «Күз» «Қыс» өлеңдері. Ақынның азаматтық лирикасы. «Біреуден біреу артылса» өлеңі Көңіл-күй лирикасы. «Адасқанның- алды жөн арты соқпақ,» Саяси лирика. «Пайда ойлама,ар ойла» ,Философиялық лирика. Махаббат лирикасы. Абайдың поэмалары «Масғұт», «Ескендір» , «Әзім әңгімесі»Ақынның аудармалары. «Болыс болдым мінекей», «Білімдіден шыққан сөз» өлеңдері

Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясы (9 сағат)

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы . «Адамдық диханшысы», «Ақын ініме», «Балықшы мен балық», «Жұртыма», «Егіннің бастары», «Қазақ салты», «Замандастарыма» өлеңдері

Мұқағали поэзиясы (23 сағат)

Ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы. Саяси-элеуметтік лирика. Азаматтық лирика. Махаббат лирикасы. Философиялық лирика. Ақынның поэмалары. «Отан туралы», «Қазақ жері», «Үш бақытым», «Алматының аспаны», «Есіңе мені алғайсың»,

Жерлес ақын Қуандық Шаңғытбаевтың поэзиясы (11 сағат)

Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы. Туған жерге арнаған жырлары. Ақынның арнау өлеңдері. Табиғат лирикасы. Аудармалары. Ақын өлеңдеріне жазылған әндер. «Сүренсіз селдір сұр жусан», «Дала» өлеңі, «Қарабұтақ вальсі», «Шаңғытбай қорасында» «Мен еліме қарт болып келіп, бала болып кетіп барамын», «Туған жер» өлеңі «Сарша тамыз» жинағында

Төлеген поэзиясы (12 сағат)

Төлеген Айбергеновтің өмірі мен шығармашылық жолы. Табиғат лирикасы. Азаматтық лирика. «Бір тойым бар», «Өсіп келе жатырмын», «Дала», «Сағыныш» т.б

Поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқу (8 сағат)

Мәнерлеп оқуға төселдіру жаттығулары. Жыл бойына танысқан ақындардың шығармаларын мәнерлеп оқыту сабақтары

«Поэзия әлемі» үйірмесінің тақырыптық күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Кіріспе. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы	1	
2	Даланың дауылпаз ақыны Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылық жолы.	3	
3	«Өттің дүние», «Махамбеттің жебесі» өлеңдері	3	
4	«Исатай – Махамбет», «Махамбет Өтемісұлы»	3	
5	«Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі	3	
6	«Арғымақтан туган қазанат»	3	
7	Махамбеттің туган жер туралы өлеңдері	3	
8	Ақынның батырлық, ерлік туралы отты жырлары	3	
9	Махамбеттің Исатайға арналған өлеңі	3	
10	Оқуға құштар жобасы аясында «Кел балалар оқылық!» Ы.Алтынсарин – 180жыл	3	
11	Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы – Абай Құнанбайұлы	3	
12	Ақын Абайдың табиғат лирикасы	3	
13	«Жаз» «Күз» «Қыс» өлеңдері	3	
14	Ақынның азаматтық лирикасы. «Біреуден ,біреу артылса» өлеңі	3	
15	Көңіл-күй лирикасы. «Адасқанның- алды жөн арты соқпақ	3	
16	Саяси лирика. «Пайда ойлама,ар ойла»	3	
17	Философиялық лирика.	3	
18	Махаббат лирикасы	3	
19	Абайдың поэмалары «Масғұт», «Ескендір» , «Өзім әңгімесі»	3	
20	Ақынның аудармалары	3	
21	«Болыс болдым мінекей», өлеңі	3	
22	«Білімдіден шыққан сөз» өлеңі	3	
23	«Абай дана,Абай дара қазақта» эссе жазу	3	
24	Мектепішілік Абай бұрышына материалдар әзірлеу	3	
25	«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдерін насихаттау	3	
26	Оқуға құштар жобасы аясында Абай кітаптрын оқу. Кітапханаға саяхат	3	
27	Мектеп парақшасында Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу	3	
28	Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы	3	
29	«Адамдық диханшысы» өлеңі	3	
30	«Ақын ініме», «Балықшы мен балық» өлеңдері	3	
31	«Жұртыма» өлеңі	3	
32	«Егінің бастары» , «Қазақ салты»	3	
33			
34	«Замандастарыма» өлеңдері	3	
35	«Қыс қамы» әңгімесі	3	
36	«Білім жарысы»	3	
37	Оқуға құштар жобасы аясында М.Хакімжанованың өлеңдерін оқу	3	
38	Ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы.	3	
39	Саяси-элеуметтік лирика.	3	

40	Ақын өлеңдеріне жазылған әндер.	3	
41	«Отан туралы», «Қазақ жері»,	3	
42	«Үш бақытым», «Алматының аспаны»,	3	
43	«Есіңе мені алғайсың»	3	
44	Кітапханаға Мұқағали бұрышын ұйымдастыру	3	
45	Мектеп үзілісінде Мұқағали өлеңдерін оқу	3	
46	Оқуға құштар жобасы аясында Мұқағали оқуларын ұйымдастыру	3	
47	«Досым, саған сенемін!»	3	
48	«Поэзия», «Әке сөзі»	3	
49	«Жаздың таңы»	3	
50	«Жолдастарға», «Махамбеттер ,Абайлар -ай»	3	
51	«Жігіттер мақтанбалық!»	3	
52	«Жолдастарға», «Атама»	3	
53	«Наурыз айы туганда»	3	
54	«Біздің көктем, «Қарт ақынның дегені»	3	
55	«Отыз бесінші көктемім»	3	
56	«Өлең деген тумайды жайшылықта...»	3	
57	«Япыр-ай!» Неткен көктем!	3	
58	Аққулар ұйықтағанда (поэма)	3	
59	Райымбек!, Райымбек! (поэма)	3	
60	Ару ана (поэма)	3	
61	«Әлі талай жыр болып, жазыларсың» танымдық сағат	3	
62	Қ.Шаңғытбаев Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы	3	
63	Туған жерге арнаған жырлары.	3	
64	Ақынның арнау өлеңдері.	3	
65	«Сүреңсіз селдір сұр жусан»,өлеңі	3	
66	«Дала» өлеңі, «Қарабұтақ вальсі»,	3	
67	«Шаңғытбай қорасында»	3	
68	«Мен еліме қарт болып келіп, бала болып кетіп барамын»	3	
69	«Туған жер» өлеңі «Сарша тамыз» жинағында	3	
70	«Маржан жырдың мәртебелі дегдары» өлеңдерін мәнерлеп оқу	3	
71	Ақынға арнап буклет әзірлеу	3	
72	Оқуға құштар жобасы аясында Ж.Жабаевтың өмірінен он дерек	3	
73	Төлеген Айбергеновтің өмірі мен шығармашылық жолы	3	
74	Табиғат лирикасы	3	
75	«Дала», «Сағыныш» өлеңдері	3	
76	«Бір тойым бар», өлеңі	3	
77	«Өсіп келе жатырмын»,	3	
78	Көктем- ол қуаныштың ізгі лебі	3	
79	Ақ ерке - жайық	3	
80	«Дала» өлеңі	3	
81	«Сағыныш», «Ортаңа келді өз балаң»	3	
82	«Енді несің айтайын бұл шақты мен»	3	
83	«Ана» «Көктемде»	3	
84	«Мен халқымның қашанда ұлы болғам»	3	
85	«Адамдар» «Ойлай бер мені...»	3	
86	Поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқу	3	
87	Мәнерлеп оқуға төселдіру жаттығулары.	3	
88	Жыл бойына танысқан ақындардың шығармаларын мәнерлеп	3	

	оқыту сабақтары		
89	Өткізілген іс шаралар барысын жинақтап кітап шығару	3	
90	«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» мәнерлеп оқу сайысы	2	
91	Жерлес ақындардың деректерін жинақтау	2	
92	Қ.Шаңғытбаев, Т.Ахтанов шығармашылықтарына тоқталу	1	
93	Жыл бойы өткізілген шаралардың суреттерін жинақтау	1	
94	Қорытынды сабақ	1	

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. З.Қабдолов. «Сөз өнері». Алматы, 1991 ж.
2. З.Қабдолов. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970 ж.
3. Р.Нұрғалиев. Өнер алды – қызыл тіл. Алматы, 1974 ж.
4. Р.Сыздықова. «Абайдың сөз өрнегі». Алматы, 1995 ж.
5. Р.Сыздықова. «Сөз күдіреті». Алматы, 1997 ж.
6. Б.Кәрібаева. «Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы». Алматы, 1988 ж.
7. Қ.Сыдықов. «Көркемдік өрнектер». Алматы, 1992 ж.
8. «Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық...» атты Ш.Құдайбердіұлы шығармаларын өз бетімен ізденіске бағыттап, қосымша материалдарды пайдалану арқылы оқытуға арналған авторлық бағдарлама. 2011 ж.
9. Х.Қожахметова. «Мәнерлеп оқу». Алматы, 1982 ж.
10. С.Тілешева. «Әдебиет сабағында мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру». Алматы, 1984 ж.
11. Ә.Нұрмаханова. «Сөз күдіреті». Алматы, 1971 ж.
12. Ә.Нұрмаханова. «Мәнерлеп оқу мәселелері». Алматы, 1976 ж.

Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. «Аңыз адам» журналы.
2. «Абай». Шығармаларының толық жинағы. 1,2,3,4 томдар.
3. Мұқағали Мақатаев. Толық шығармалар жинағы. 1,2,3,4 томдар.
4. Қ.Шаңғытбаев «Шайыр». Алматы, 2010 ж.
5. Қ.Шаңғытбаев «Лирика». Алматы,

Бекітемін:

Мектеп директоры: М.К.Кулсарина.



Т.Г. Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің

«Поэзия» үйірмесіне қатысатын оқушылардың тізімі

№	Оқушылардың аты - жөні	сыныбы
1	Асыланқызы Дина	6 сынып
2	Алдан Айым	7 сынып
3	Рамазан Ибрахим	5 сынып
4	Әлімұлы Қыдырәлі	8 сынып
5	Нағашыбай Мадина	9 сынып
6	Бактиярова Аяжан	9 сынып
7	Темірбекқызы Нұрсауле	8 сынып
8	Өтегенова Томирис	6 сынып
9	Еркін Диана	7 сынып
10	Зинолла Тамина	5 сынып
11	Кәрібай Салтанат	7 сынып
12	Құламанов Ансар	7 сынып
13	Мырзалы Дінмұхамед	6 сынып
14	Тағыбергенұлы Аманғали	9 сынып
15	Кәрібай Талант	7 сынып